QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №42 (2044) 16 ҚАРАША 2026 ЖЫЛ

Ректор жас ғалымдар конгресіне қатысты



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев III халықаралық жас ғалымдар конгресіне қатысты.

Шара 35-ке жуық елден келген 1000-нан астам жас ғалымды біріктірді.

Конгрестің ашылу салтанатында ҚР вице-президенті Ерлан Қариннің құттықтау хаты оқылды. «Конституцияда ғылым мен инновацияны дамыту стратегиялық басымдық ретінде бекітілді. Бұл мемлекеттің өсіп-өркендеуінің негізі екені айқын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымды дамытуға, еліміздің зияткерлік әлеуетін арттыруға және жас зерттеушілерді қолдауға ерекше мән беріп келеді», – делінген құттықтауда.

Өз кезегінде ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев алқалы жиынның басты мақсаты жас зерттеушілерге ортақ диалог алаңын қалыптастыру және отандық мамандардың шетелдік жетекші ғалымдармен ықпалдастығын арттыру екенін атап өтті.

«2025 жылғы мәлімет бойынша, елімізде ғалымдар саны 28 мыңнан асса, олардың жартысына жуығы, яғни 48 пайызы – жастар. Бұл жас ғалымдарды қолдауға бағытталған мемлекеттік саясаттың нақты нәтижесі», – деді ҰҒА президенті.

Сонымен қатар ҚазҰУ Ғылым және инновациялық қызмет департаментінің директоры, ҚР ҰҒА Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы Қуаныш Тастамбек қазір ғылыми жобаларға бөлінетін гранттардың кемінде 30 пайызы жас ғалымдардың еншісінде екенін жеткізді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде III халықаралық жас ғалымдар конгресі аясында «Әлеуметтік жаңғыру және адами капитал: қазіргі сын-қатерлер мен даму перспективалары» атты халықаралық ғылыми конференция өтті. Басқосуға АҚШ-тың Джонс Хопкинс және Дюкейн университеттерінің, Ресейдің жетекші ғылыми орталықтары мен отандық жоғары оқу орындарының өкілдері қатысты.



Адами капиталдың болашағы мен ЖИ ықпалы сараланды

Шараның ашылуында ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтау хаты оқылды. Министрлік дерегінше, соңғы бес жылда елімізде ғылымды қаржыландыру көлемі алты еседен астам өсіп, зерттеушілер саны 28 мыңнан асқан, олардың 47 пайызын жас ғалымдар құрайды.

Конференцияда сөз сөйлеген ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев конгрестің халықаралық ғылыми ынтымақтастықты нығайтатын бірегей алаңға айналғанын атап өтті. «Биыл үшінші рет ұйымдастырылып отырған конгресс – жас зерттеушілердің басын қосып, халықаралық ғылыми әріптестікті бекемдеуге мүмкіндік беретін бірегей алаң. Біздің басты мақсатымыз – ел болашағы үшін өзекті әлеуметтік мәселелерді талқылап, оларды шешудің нақты ғылыми жолдарын ұсыну. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауында айқындалған әлеуметтік саясатты жаңғырту мен халықтың әл-ауқатын арттыру міндеттерін іске асыруда университет өзінің барлық ғылыми және инновациялық әлеуетін жұмылдырып келеді», – деді ректор.



Оқу орнының басшысы университет ғалымдарының соңғы жетістіктеріне де тоқталды. 2025 жылы ҚазҰУ зерттеушілері Мемлекеттік ғылыми сыйлыққа, алты мемлекеттік ғылыми стипендияға және жеті «Үздік ғылыми қызметкер» атағына ие болса, 2024-2026 жылдары 23 жас ғалымға Мемлекет басшысының атынан баспана берілген. Сонымен қатар университет Энергетика және Су ресурстары министрліктерімен бірлесіп, жасанды интеллект енгізу және су тасқыны мен құрғақшылықты болжайтын TALSIM-NG, Delft-FEWS жүйелерін Farabi Supercomputer Center базасында іске қосу жобаларын қолға алған.

Пленарлық отырыста ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев, Дюкейн университетінің доценті Фаина Линьков, «Сириус» федералдық аумағы әкімшілігінің басшысы Дмитрий Плишкин және өзге де шетелдік сарапшылар пікір білдіріп, баяндама жасады.

Гүл ҚҰТТЫБЕККЫЗЫ



2-бет
Ирандық ғалымдармен ортақ зерттеулер іске асады



3-бет
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:
Қазақ тілінің стратегиялық бағдары



7-бет
Сон Енг ХУН:
«Қазақтың көшпелі мәдениетіне қызықтым»



Ирандық ғалымдармен
ортақ зерттеулер іске асады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Иран Ислам Республикасының Алматы қаласындағы бас консулы Сона Ахмадимен кездесу өткізді.



Кездесуге Тегеран және Бакир әл-Улум университетінің, сондай-ақ Әл-Мұстафа халықаралық университетінің өкілдері қатысты.

Тараптар ҚазҰУ мен Иран ЖОО-лары арасындағы әріптестік байланысты дамыту бағыттарын талқылады.

Жүздесуде Жансейіт Түймебаев ирандық университеттермен барлық салада ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Сондай-ақ өз сөзінде ректор ҚазҰУ базасында өткен Халықаралық Фараби симпозиумына арнайы қатысқаны үшін құрметті қонақтарға ризашылығын жеткізді.

«Ирандық әріптестермен бірлесіп фарабитану бағытында ауқымды жұмыстар іске асырылып келеді. Ортақ зерттеулер жүргізіліп, конференциялар, кездесулер, дөңгелек үстел отырыстары дәстүрлі түрде ұйымдастырылады. Иранда Орталық Азия тарихына қатысты кітаптар мен қолжазбалар жетерлік. Кітаптарды алмасу, талдау жүргізу үшін болашақта ҚазҰУ ғалымдарымен бірге жұмыс істеуді ұсынамын», – деді ректор.



Өз кезегінде Сона Ахмади барлық бастамалар мен ұсыныстарды қолдайтынын айтып, ҚазҰУ мен Иран ЖОО-лары арасындағы серіктестікті жоғары бағалайтынын жеткізді. Құрметті консул келесі кездесуде ҚазҰУ мен Тегеран университеті арасында меморандум жасасуды ұсынды.

Келіссөз соңында қос тарап арнайы жұмыс жоспарын бекітуге уағдаласты.

Кореяның цифрлық кітапханасын
ашу ұсынылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Korea Foundation президенті Сон Гуидо бастаған делегацияны қабылдады.



Korea Foundation – Кореяның халықаралық аренадағы беделін арттыруға және мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға бағытталған жетекші ұйымдарының бірі. Қор шетелдік білім беру және ғылыми-зерттеу орталықтарына қолдау көрсетіп, корей тілін меңгерген білікті мамандар даярлауға және халықаралық сарапшылар қауымдастығын қалыптастыруға көңіл бөледі.

Кездесуде тараптар серіктестікті арттыру мәселесін және алдағы уақытта іске асыратын ортақ жобаларды талқылады.

Жансейіт Түймебаев делегация мүшелеріне ҚазҰУ-дың ғылыми-білім беру бағытындағы жетістіктерін таныстырып, университеттің даму жоспарымен бөлісті.



ЖОО басшысы өз сөзінде Korea Foundation қорымен бірлесіп ҚазҰУ базасында Кореяның цифрлық кітапханасын ашу жөнінде ұсынысын білдірді. Ректордың айтуынша, бұл бастама корей халқының мәдени, тарихи және ғылыми мұрасын кеңінен танытуға, студенттер мен зерттеушілердің корей тіліндегі академиялық ресурстарға қолжетімділігін арттыруға жол ашады.

Өз кезегінде қор президенті Сон Гуидо ҚазҰУ-мен ынтымақтастықты дамытуға мүдделі екенін жеткізіп, оқу ордасының басшысы ұсынған бастамалардың маңыздылығын атап өтті.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Еуразияның ежелгі тарихына
арналған құнды кітап

Ғылыми-көпшілік сипаттағы бұл еңбек патша скифтерінің шығу тегін, Парадат әулетінің қалыптасуын, сақ тайпаларының тарихи тағдырын және Парфия империясының құрылу кезеңдерін жан-жақты қамтиды.

Шараны ашқан ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев тарихи мұраны тану ұлттық сананы нығайтуда айрықша рөл атқаратынына тоқталды. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Текті тарихын білетін, тамырын тереңнен тартатын ұлт қана мықты мемлекет құра алады», – деп атап өткен болатын. Осы тұрғыда бүгінгі жиынның ғылыми әрі танымдық мәні ерекше. Рахман Алшанов – ҚазҰУ түлегі, елімізге белгілі қоғам қайраткері әрі ғалым. Оның бұл сүбелі еңбегі – Еуразия кеңістігіндегі көне өркениеттердің сабақтастығын пайымдайтын бірегей зерттеу», – деді ректор.

Жиында автор Рахман Алшанов еңбектің негізгі мазмұнына, дереккөздер базасына тоқталды. Еңбектің дереккөздер базасын антикалық дәуірдің жазба мұралары, көне эпикалық шығармалар, Геродот жазбалары, «Авеста» ескерткіші мен Фирдоусидің «Шахнаме» дастаны сынды құнды деректер құрайды. Автор оларды өзара сабақтастыра қарастыра отырып, көші-қон үдерістері, Тұранның тарихи географиясы мен өркениеттік байланыстарға қатысты пайымдарын ортаға салды.



Әлемдік чемпионатқа
жаңа зертханада дайындалады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде FIRST Robotics Competition халықаралық бағдарламасы аясында робототехника зертханасының салтанатты ашылуы өтті. Жоба «Скиф Сауда» ЖШС қолдауымен жүзеге асырылды.

Компания зертхананы заманауи жабдықтармен қамтамасыз етуге және университет командасын 2027 жылғы сәуірде АҚШ-тың Хьюстон қаласында өтетін FIRST Championship халықаралық чемпионатына дайындауға 50 миллион теңге көлемінде демеушілік қаражат бөлді.

Салтанатты рәсімге Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Марғұлан Ибраимов, «Скиф Сауда» ЖШС құрылтайшысы Динара Зиманова, университет өкілдері, студенттер және БАҚ өкілдері қатысты.

Шара барысында сөз сөйлеген Марғұлан Ибраимов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айқындаған еліміздің технологиялық дамуын жеделдету, жасанды интеллектіні кеңінен енгізу және жоғары білікті инженерлік кадрлар даярлау міндеттерінің маңыздылығына тоқталды.

Гүл БАЯНДИНА

Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығы қарсаңында өткен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайы елдің көкейінде жүрген толғақты мәселелер көтерілген, қазақ тілінің кешегісі мен бүгінін, болашағы мен даму бағдарын сабақтастырған келелі жиын болды.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

Қазақ тілінің стратегиялық бағдары

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құрылтайда сөйлеген сөзінде тіл мәселесінің мемлекеттік, саяси, ұлттық маңызы бар тақырып екенін айта келіп, қазақ тілінің қоғамдық қызметін кеңейтуге, ғылыми негіздерін нығайтуға, цифрлық кеңістіктегі әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды міндеттерді нақтылады.

Құрылтайда сөйлеген сөзінде Президент ұйымның егемен ел тарихындағы орнын, тарихи маңызын көрсете келіп, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамына жүктелетін міндеттерді атап өтті. Бүгінде қазақ тілінің ғылым мен білімдегі, мемлекеттік басқару мен қоғамдық коммуникациядағы, цифрлық технология мен халықаралық байланыстағы қызметін жаңа сапалық деңгейге көтеру қажет болып отыр. Осыған байланысты Президент қазақ тілінің ғылыми, технологиялық, халықаралық әлеуетін күшейтуге бағытталған жаңа міндеттерді белгіледі. Бұл тұрғыдан алғанда, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайы қазақ тілінің даму тарихындағы сабақтастықты айқын көрсеткен маңызды жиын болды. Құрылтайда көтерілген мәселелерді қазақ тілінің заман талабына сай дамуына бағытталған стратегиялық бағдар ретінде бағалауға болады.

Президент тәуелсіздік бәрінен қымбат асыл дүние екенін ескерте келіп, қазақ тілін тәуелсіздігіміздің мызғымас символы, Отанымыздың мемлекеттік тілі, ұлтымыздың мәңгілік жаны ретінде бағалады. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі ұлтымыздың негізгі құжатында – Конституциямызда айқын көрсетілгенін атап өтті.

Құрылтайда қазақ тілінің қоғамдық қызметіндегі оң өзгерістер де аталды. Яғни балабақша мен мектептерде балалардың басым бөлігі қазақ тілінде тәлім-тәрбие алып жатқанын, биыл мектепке барған оқушылардың 71 пайызы қазақ сыныптарына қабылданғанын, колледждер мен университеттерде қазақ бөлімдерінің саны көбейгенін, қазақ тіліндегі кітаптардың, әндердің, фильмдердің нарықтағы үлесі ұлғая түскенін, мысалы, былтыр баспадан шыққан 6 мыңнан астам кітаптың 70 пайызы қазақ тілінде басылғанын, биыл Қазақстанда түсірілген 71 фильмнің 63-і ана тілімізде жарыққа шыққанын тілге тиек етті. Сонымен қатар қазақ тілі озық технологиялар саласына еніп, заман талабына сай дамып келе жатқанын, елімізде түрлі цифрлық платформалар өнімді жұмыс істеп жатқанын, Open.AI компаниясы жүргізген зерттеуге сәйкес, қазақ тілі кейінгі үш жылда жасанды интеллект жүйесіндегі қолданыс аясы қарқынды кеңейіп жатқан тілдердің қатарына кіргенін, Google компаниясы қазақ тілін Gemini тілдік моделіне енгізгенін де атап өтті. Мемлекет басшысы келтірген дәйектер – қазақ тіліне деген сұраныстың артып келе жатқанының белгісі.



Президент қазақ тілінің ұлттық цифрлық деректер қорын жасақтау қажет екенін ескерте келіп, мұрағаттағы, кітапханалардағы қазақ тіліндегі кітаптарды, мерзімді басылымдарды, аудио-бейне жазбаларды, мұрағат (архив), мұражай (музей) қорларын цифрлық форматқа көшіру ісін қайта жандандыру қажет екенін айтты. Бұл мұрағат, мұражай қорындағы, сирек кітаптар мен қолжазбалар қорындағы құнды мұраларды сақтау, көпшілікке қолжетімді ету, бүлінуден сақтап қалуға бағытталған игілікті шара болмақ. Себебі мұрағат қорындағы, сирек кітаптар мен қолжазбалар қорындағы бірқатар жәдігердің беттері сарғайып, жазулары көмескіленіп бара жатқаны шындық. Жасанды интеллект жүйелері, автоматты аударма, мәтінді тану, сөйлеуді өңдеу, ақпарат іздеу, электрондық білім платформалары тілдің цифрлық ресурстарына сүйенеді. Сондықтан қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі болашағы тілдік деректердің сапасына, құрылымына, ғылыми өңделу деңгейіне де байланысты. Бұл бағыттағы жұмыс қазақ тілінің ұлттық корпусын жетілдіруге, сапалы электрондық сөздіктер жасауға, автоматты аударма жүйелерінің дәлдігін арттыруға, қазақ тіліндегі жасанды интеллект технологияларын дамытуға жол ашады. Қазақ тілінің ұлттық цифрлық деректер қорын жасақтау ұлттық танымның тілдік көріністерін жаңа технологиялық кеңістікте сақтап, қайта өндіруге мүмкіндік береді.

X құрылтайда қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі қызметі туралы да сөз болып, инженерия, медицина, құқық, экономика, ақпараттық технология т.с.с. салаларды қазақ тілінде меңгеруге қолайлы жағдай жасау қажеттігі, ол үшін оқулық, терминологиялық сөздік, ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру қажеттігі айтылды. Бұл ретте Президент ғалымдарға, жоғары оқу орындарына үлкен міндет жүктеп отыр. Қ.Тоқаевтың «Ғылым дамыса, қазақ тілі де ғылым мен өндірістің тілі болмақ» деген тұжырымы Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы сынды Алаш зиялыларының ұстанымдарымен сабақтас. Мемлекет басшысының ұстанымы ұлттық ғылым тілінің, ұлттық ғылыми дискурстың дамуына ерекше серпін берері сөзсіз.

Президент Жоғарғы Кеңес президиумының жарлығымен ресми түрде бекітілген «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» 1983 жылы, яғни кеңес заманында шыққанын, одан кейін бірнеше сөздік жарық көргенімен, ешқайсысының мемлекеттік деңгейде бекітілмегенін, заңды күші жоқтығын ескерте келіп, барлық сөздікті, соның ішінде орфографиялық сөздікті жаңарту қажеттігін айтты.

Мемлекет басшысы кейінгі кезде дінге қатысты көне сөздеріміздің орнына араб сөздері жиі қолданылып жүргенін де тілге тиек етті. Расында, «ауыз-ашар» деген сөзіміздің орнына «ифтар», «сәресі» деген сөздің орнына «сухур», «дәрет» сөзінің орнына «тахарат» атаулары қолданылып, таң намазы «фажр», бесін намазы «зухр», екінті намазы «аср» аталып, қазақша қалыптасқан атаулардың орнына араб тіліндегі нұсқалары қолданылып жүргені жасырын емес. Алаш зиялылары шеттілдік сөзді қазақ тіліне сол күйінше енгізе бермей, алдымен қазақ тілінен не түркі тілдерінен балама табу керектігін, балама табылмаған жағдайда тіліміздің дыбыстық заңдылықтарын негізге ала отырып, шет сөзді алған: Аллаһ – Алла, сухур – сәресі, тахарат – дәрет т.с.с. Яғни бұл ретте Президентіміз Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы сынды зиялылардың ұстанымдарын басшылыққа алғаны байқалады.

XX ғасырда қазақ зиялылары қазақ тілінен балама табылмаған жағдайда шеттілдік атаулардың орнына қазақтың төл сөзіндей болып кеткен ғылым, білім, ғалам, кітап, дәптер, қалам, мектеп, шәкірт, мәдениет, әдебиет т.с.с. араб-парсы сөздерін қолданған. Сол кезеңде енген атаулардың бірқатары әлі де қолданыста. Алайда қазақ тілінен баламасы ұсынылса да, сәтсіз атаулар қолданыстан шығып қалып отырған. Президентіміз сол кезеңдегі ұстанымдарды негізге ала отырып, тұжырымдама, қағидат, жоспар, сыйақы, шәкіртақы, еңбек өтілі, кешенді, әмбебап, жүйелі, тыңайтқыш, жанармай, көгалдандыру, босқын, қырғи-қабақ соғыс, қоқанлоқы, лаңкестік, есірткі, бітімгерлік күштер, мәмілегер, ғарыш, зымыран, жаһан, ғаламтор, тікұшақ, жасанды сана, пайыз, сынып сияқты сөздерді тілімізде қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктері арқылы қалыптасып, кең қолданыс тапқан, сәтті атаулар ретінде бағалайды. Ал күйсандық (пианино), қылтима (балкон), субұрқақ (фонтан), себезгі (душ), үнқағаз (газет), жеделсаты (лифт), желкөз (форточка) және тағы басқа сөздердің семантикалық уәжділігін, терминологиялық дәлдігін, қолданысқа қолайлылығын, тілдік тәжірибеде орнығуын т.б. негізге ала отырып, сәтсіз атаулар ретінде атайды. Бұл орайда, Президент қазақ әдеби тілінің қалыптасқан нормаларын сақтау, тілдік құралдарды мағынасына сай орынды қолдану, қажетсіз шеттілдік элементтерге орынсыз әуестенбеу, қолданыс бірізділігін сақтау, тілдің табиғи даму заңдылықтарын ескеру қағидаттарын негізге алған. Тілдің ғылым, білім, технология тілі ретінде орнығуы үшін оның терминологиялық жүйесі, әдеби нормалары, ғылыми стилі, лексикографиялық базасы, цифрлық ресурсы біртұтас ғылыми негізде дамытылуы қажет. Сондықтан X құрылтайда көтерілген мәселелердің ғылыми-лингвистикалық маңызы да ерекше.

«Egemen Qazaqstan» газеті,
13 қараша 2026 жыл

Қазіргі жаһандану жағдайында жоғары білім беру жүйесінің халықаралық деңгейде интеграциялануы оқытушылар мен ғалымдардың кәсіби құзыреттілігін арттыруды, шет тілдерін меңгеру деңгейін жетілдіруді және халықаралық академиялық ортада тиімді коммуникация орнатуды талап етеді.

Кәсіби даму мен халықаралық тәжірибе алаңы

Осы тұрғыдан алғанда, Үндістан үкіметінің Сыртқы істер министрлігі жүзеге асыратын Үндістанның техникалық-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы (ITEC) халықаралық кәсіби және академиялық байланыстарды дамытуға бағытталған маңызды білім беру бастамаларының бірі.

Үндістанның Ағылшын және шет тілдер университетінде (The English and Foreign Languages University, EFLU), Хайдарабад қаласында «Progress to Proficiency in English» бағдарламасы аясында ағылшын тілін меңгеруге бағытталған халықаралық оқу курсы өткізілді. Бағдарламаға әр мемлекеттен келген ғалымдар мен мамандар қатысты. Аталған курсқа Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті география және табиғатты пайдалану факультетінің География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының ассистент-профессоры, PhD Гүлнар Орынбасарова қатысып, білімін жетілдіріп, сертификат иеленді.

Бағдарлама барысында қатысушылар ағылшын тіліндегі кәсіби коммуникация, академиялық сөйлеу және жазу дағдыларын жетілдірумен қатар, түрлі елдердің мәдениеті, ұлттық дәстүрі, тарихы және ғылыми тәжірибесімен танысу мүмкіндігіне ие болды. Курстың маңызды ерекшелігі – халықаралық академиялық ортада тәжірибе алмасу мүмкіндігі. Эквадор, Перу, Мьянма, Шри-Ланка, Моңғолия, Ресей, Түркия және Африка мемлекеттерінен келген қатысушылар өз елдерінің білім беру жүйесі, ғылыми тәжірибесі мен ұлттық мәдениеті туралы мәліметтермен бөлісті.



Қатысушылар Үндістанның тарихы, дәстүрлері және қоғамдық өмірімен танысып, мәдени іс-шараларда өз елдерінің ұлттық құндылықтарын да таныстырды.

Бағдарлама қорытындысында ағылшын тілін өте жақсы меңгергенін растайтын сертификат табысталды. ITEC аясында алынған білім мен тәжірибе халықаралық конференцияларға қатысуға, ғылыми мақалалар жариялауға, шетелдік ғалымдармен бірлескен зерттеулер жүргізуге және жоғары білім беру үдерісіне заманауи әдістерді енгізуге жаңа мүмкіндіктер ашады.

Кәсіби білім алу арқылы мол тілдік тәжірибе жинаған Гүлнар Орынбасароваға ғылыми ізденіс жолында сәттілік тілейміз.

Өкетай САҒЫМБАЙ,
География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының ассистент-профессоры

Нанокомпозиттердің қасиеті зерттеледі

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры Жазира Супиева қазіргі уақытта ULAM NAWA халықаралық стипендиялық бағдарламасы аясында Познань политехникалық университетінде (Польша) ғылыми тағылымдамадан өтуде. Әлемнің 52 елінен келген зерттеушілер ұсынған 324 өтінімнің тек 71-і қаржыландыруға ие болды. Олардың қатарында Жазира Супиеваның жобасы да бар.



Тағылымдама химиялық технологиялар факультетінде профессор Қамар Аббас жетекшілігімен өтуде. Зерттеу тақырыбы – «Аккумулятор электродтарына арналған электрохимиялық жолмен тотықсыздандырылған графен оксиді негізіндегі нанокомпозиттерді әзірлеу». Ғылыми жұмыс энергияны жинақтаудың электрохимиялық жүйелеріне арналған перспективті электродтық материалдарды алуға және зерттеуге бағытталған. Зерттеу барысында нанокомпозиттердің қасиеттерін зерделеп, оларды аккумуляторлық батареяларда одан әрі қолдану мүмкіндіктерін анықтау үшін электрохимиялық сипаттамаларын бағалау жоспарлануда.

Бұл бағыт Жазира Супиеваның көміртекті материалдарды синтездеу және зерттеумен байланысты ғылыми ізденістерінің жалғасы. Оның кәсіби қалыптасуы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен тығыз байланысты: 2013 жылы химия және химиялық технология факультетін, 2015 жылы магистратураны бітіріп, 2020 жылы «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығы бойынша PhD докторантурасын аяқтады. 2021 жылы «Өсімдік талшықтары негізіндегі нанокеуекті көміртекті материалдарды синтездеу және қолдану» тақырыбында диссертация қорғады.

2020 жылдан бастап Жазира Асылбекқызы Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасында оқытушылық қызмет атқарады, ал 2026 жылдан бері доцент-зерттеуші лауазымында жұмыс істейді. Педагогикалық қызметі аясында пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеп, бакалавриат студенттеріне, магистранттар мен PhD докторанттарына дәріс оқиды және практикалық сабақ жүргізеді.

Жазира Супиева педагогикалық қызметін белсенді ғылыми жұмыспен ұштастырып келеді. Ол бес монографияның, Қазақстан Республикасының сегіз патентінің, үш авторлық куәліктің және 50-ден астам ғылыми жарияланымның авторы. Оның Хирш индексі –10, ал еңбектеріне жасалған дәйексөздер саны – 629. Сонымен қатар 2016 жылдан бері Жану проблемалары институтында қоса атқарушы ретінде жұмыс істеп, жетекші ғылыми қызметкер лауазымын атқарады. 2020-24 жылдары гранттық қаржыландыру аясындағы бірқатар жобаларды іске асыруға жауапты орындаушы ретінде қатысты. Қазір ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қолдауымен жүзеге асырылып жатқан ғылыми жобаларға жетекшілік етеді.

Жазира Супиева Франциядағы Экс-Марсель университетінде, Түркиядағы Ыстамбұл техникалық университетінде, Мароккодағы Шуайб-Дуккали университетінде, Австриядағы Грац технологиялық университетінде, сондай-ақ Қытайдың Чжуншань қаласындағы ғылыми институтта тағылымдамадан өтті.

Оның зерттеулерін дамытуда халықаралық ынтымақтастық елеулі рөл атқарады. Әр жылдары Жазира Супиева Франциядағы Экс-Марсель университетінде, Түркиядағы Ыстамбұл техникалық университетінде, Мароккодағы Шуайб-Дуккали университетінде, Австриядағы Грац технологиялық университетінде, сондай-ақ Қытайдың Чжуншань қаласындағы ғылыми институтта тағылымдамадан өтті. Познань политехникалық университетімен ынтымақтастығының көпжылдық тарихы бар: 2018, 2019 және 2025 жылдары ол осы университеттің Қолданбалы электрохимия институтында зерттеулер жүргізді. Қазіргі тағылымдама осы әріптестіктің жалғасы болып, жаңа электродтық материалдарды бірлесіп әзірлеуге мүмкіндік береді.

Жазира Супиеваның ғылыми және педагогикалық жетістіктері «ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы – 2023», 2024 және 2026 жылдардағы «Жану проблемалары институтының үздік жас ғалымы», сондай-ақ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2025» атақтарымен атап өтілді. 2024 жылы ол Австрия ғылым академиясының JESH (Joint Excellence in Science and Humanities) халықаралық ғылыми стипендиясының иегері атанды, ал 2025 жылы Eurasia-Pacific Uninet халықаралық ұйымының стипендиясын жеңіп алды. Сол жылы оқытудағы инновациялық жетістіктері үшін берілетін JoVE Education & Research Innovation Awards халықаралық сыйлығының Educator Innovation Award номинациясы бойынша бес финалистің қатарына енді.

Тағылымдама аясында жүргізілетін зерттеулер тұрақты даму міндеттерімен үндеседі. Энергияны жинақтаудың электрохимиялық жүйелеріне арналған материалдарды әзірлеу ТДМ 7 – «Қолжетімді және таза энергия» мақсатымен, ал жаңа материалдарды жасау және ғылыми құзыреттерді дамыту ТДМ 9 – «Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым» мақсатымен байланысты. Өзекті технологиялық міндеттерді шешу үшін зерттеушілерді біріктіретін халықаралық ынтымақтастық ТДМ 17 – «Тұрақты даму мүддесіндегі әріптестік» бағытына сәйкес келеді.

Жазира Супиеваның ғылыми тағылымдамасы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық ынтымақтастығын нығайтуға және энергия жинақтауға арналған материалдар саласындағы зерттеулерді дамытуға ықпал етеді. Ғылыми жұмысты, оқытушылық қызметті және халықаралық тәжірибе алмасуды ұштастыра отырып, ол перспективалы жобаларды жүзеге асырып қана қоймай, жас зерттеушілерді химия мен материалтанудың өзекті міндеттерін шешуге баулиды. Оның ғылыми-педагогикалық қызметі студенттер үшін кәсіби өсудің үлгісі болып, зерттеушілік дағдыларын дамытуға және өздерінің ғылыми мақсаттарына жетуге ынталандырады.

Алма ТҮСІПБЕКОВА,
химия ғылымының кандидаты, Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының доценті



Мақсат – жастардың рухани көкжиегін кеңейту

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Кітап оқитын ұлт» атты мәдени-ағартушылық кітап жәрмеңкесі өтті. Философия және саясаттану факультетінің Дінтану және мәдениеттану кафедрасы ұйымдастырған іс-шара жастардың кітапқа қызығушылығын арттыруды, әдеби талғамын қалыптастыруды және зияткерлік ізденіске ынталандыруды мақсат етті.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, заңғар жазушы Әбіш Кекілбаев «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деген еді. Кітап – халықтың тарихи жады, ой мен өркениетті жалғайтын рухани көпір. Ақпарат ағыны толассыз күшейген қазіргі кезеңде кітап оқу тек білім алудың жолы емес, деректі саралау, терең пайымдау және өзіндік көзқарас қалыптастыру мәдениеті болып отыр. Сондықтан университет кеңістігінде оқырман мен кітапты тоғыстырған мұндай бастаманың мәні ерекше.

Бұл игі іс ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев көтерген кітап оқу мәдениетін дамыту мәселесімен үндеседі. Мемлекет басшысы 2024 жылғы 15 наурызда Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында «Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз», – деді. Президент кітаптың қолжетімді болуы, кітапхана ісін дамыту және арнайы кітап жәрмеңкелерін ұйымдастыру қажеттігін де айтты.

Жәрмеңкеде отандық «Qasym Kitap» және «Отбасы хрестоматиясы» баспаларының көркем әдебиет, философия, тарих, психология және руханитанымдық бағыттағы кітаптары ұсынылды. Келушілер өз қызығушылығына сай басылымдармен танысып, кітап сатып алу мүмкіндігіне ие болды. Философиялық еңбектер дүниетанымды тереңдетуге жетелесе, көркем әдебиет адам жанының нәзік қырларын танып, тіл мен талғамды байытуға жол ашады.

Іс-шараны ұйымдастыруға кафедра ұстаздары мен докторанттар атсалысты. Ғылыми жетекшілер мен жас зерттеушілердің ортақ еңбегі академиялық дәстүр мен қоғамдық ағартушылықтың сабақтастығын көрсетті.

Әбу Насыр әл-Фараби есімін иеленген университет үшін білім мен ізгілікті қатар дәріптеу – терең мағыналы дәстүр. Ғұламаның парасатты қоғам туралы мұрасымен үндесетін мұндай шаралар кітапты күнделікті өмірдің рухани қажеттілігі ретінде тануға шақырады. Кітап сөресінде тұрған әр еңбек – жаңа сұраққа, жаңа ойға, жаңа танымға ашылған есік.

«Кітап оқитын ұлт» жәрмеңкесі кітап саудасымен шектелмей, жас буынның рухани көкжиегін кеңейтуге бағытталған мазмұнды бастама болды. Оқырманы мол қоғамның ойы сергек, талғамы биік, болашаққа бағдары айқын болмақ. Кітап оқитын ұлт – ойлайтын ұлт. Ал ойлайтын ұлт – келешегін білім мен парасатқа сүйеніп қалыптастыратын ұлт.

Мира БАЛТЫМОВА,
профессор м.а.

Рамазан ЕРКЕБҰЛАНҰЛЫ,
докторант



Әдеби сынның абызы



Ұлттық әдеби сынның қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан қаламгер-сыншылардың орны айрықша. Әдебиеттің көркемдік табиғатын танып, шығармашылық үдерістің бағыт-бағдарын саралауда сыншы еңбегінің маңызы зор. Осы тұрғыдан алғанда, көрнекті әдебиет сыншысы, филология факультетінің танымал түлектерінің бірі Сайлаубек Жұмабековтің шығармашылық мұрасын зерделеу – ұлттық әдеби ойдың даму жолын танудың маңызды бір арнасы.

Сайлаубек Жұмабековтің 80 жылдық мерейтойына орай, Абай ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен «Қазіргі әдеби сынның өзекті мәселелері» тақырыбында әдеби-танымдық жиын өтті. Тағылымды басқосу көрнекті сыншының өмір жолы мен шығармашылық мұрасын саралауға, оның қазақ әдеби сынының дамуына қосқан үлесін бағамдауға арналды. Жиынға белгілі ақын-жазушылар, әдебиеттанушы ғалымдар, профессорлар мен зерттеушілер қатысып, қаламгер тұлғасына қатысты пайымды пікірлерін ортаға салды.

Іс-шара барысында Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымының докторы, профессор Жанғара Дәдебайұлы, ақын, драматург Нұрлан Оразалин, Абай ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы, профессор Қансейіт Әбдезұлы, филология ғылымының докторы, профессор Дандай Ысқақұлы, сыншылар Өтеген Оралбай, Көлбай Адырбекұлы, Қанипаш Мәдібай, Әлия Бөпежанова, Гүлзия Пірәлі, Гүлжаһан Орда және өзге де әдебиет, руханият өкілдері баяндама жасады. Баяндамаларда Сайлаубек Жұмабековтің сыншылық қыры, әдеби үдеріске көзқарасы, көркем туындыны бағалаудағы ұстанымы мен шығармашылық мұрасының мәні кеңінен сөз болды. Жиын барысында әдеби сынның абызы Сайлаубек Жұмабековтің шығармашылық мұрасын тереңірек танып, оның қазақ әдеби сын тарихындағы орны сараланып, қосқан қомақты үлесі сарапталды. Әдебиеттанушы ғалым Жанғара Дәдебайұлы сыншы шығармашылығы туралы: «Жазушының шығармашылығы туралы роман-портрет жазу немесе роман-монолог жазу сын саласында тек Сайлаубек Жұмабектің ғана қолынан келді. Бұл қазақ әдеби сынының тарихындағы бұрын-соңды болмаған жаңа құбылыс, сыншының талант даралығын танытқан шығармашылық жаңа үлгі болатын... Сайлаубек Жұмабек самородный, болмысы дара, табиғаты таза тамаша шығармашылық тұлға еді», – деп жоғары бағалады.

Филология факультеті «Әдебиеттану» мамандығының 1-ші және 2-курс студенттері Мақсат Керімби, Нұрай Досет, Аяулым Асхатқызы, Еркін Заңғар, Бекзат Жарденбекұлы, Бағым Қыдырбек, Аяла Нұркелді, Перизат Сағатбек, Елсияр Құлахмет, Ақнұр Болатбекқызы презентация қорғап, сыншының шығармашылығына қатысты ойларын ортаға салды. Студенттердің ізденісі, тақырыпты түсіндірудегі талпынысы мен әдеби мұраға деген қызығушылығы көпшіліктің ойынан шықты. Филология ғылымының кандидаты, доцент Ләйла Мұсалы мен Еркінгүл Солтанаеваның бағыт-бағдарымен дайындалған студенттер ізденісі мазмұндылығымен, жанжақтылығымен рухани әсерге толы болды.

Жиында көтерілген «Сынның мұраты», «Көрнекті сыншы», «Сайлаубектің жарқын бейнесі», «Әдеби сынға адалдық», «Ұлттық әдебиет сарапшысы» тақырыптары С.Жұмабековтің әдеби сын әлеміндегі орнын әр қырынан тануға мүмкіндік берді. Әсіресе әдеби сынның міндеті мен жауапкершілігі, сыншының көркемдік талғам қалыптастырудағы рөлі және ұлттық әдебиеттің дамуындағы сынның маңызы туралы ойлар басқосудың ғылыми-танымдық мазмұнын тереңдете түсті.

Әдеби сын – көркем шығарманы бағалаумен ғана шектелмейтін, әдебиеттің эстетикалық өлшемін айқындап, оқырманның көркемдік танымын қалыптастыратын рухани құндылық. Сыншының қаламынан туған ойлар әдеби туындының ішкі табиғатын ашып, оның қоғамдық және рухани маңызын пайымдауға жол ашады. Осы орайда, «Сын пернесі», «Ғабит Мүсірепов», «Жұлдызы нұрлы суреткер», «Қазығұрт перзенті», «Сын әуені», «Шерхан Мұртаза. Жұлдызы нұрлы суреткер», «Тахауи Ахтанов. Талант тектоникасы (Ахтанов Ахтановтың көзімен)» және т.б. сыншы қаламынан туған кесек дүниелер әдеби сынды өсіруге жасалған батыл қадамдар болатын. Сондықтан Сайлаубек Жұмабековтің шығармашылық мұрасын бүгінгі әдеби үдеріс аясында қарастыру ұлттық әдеби сынның сабақтастығын тануға да мүмкіндік береді.

Мерейтойлық жиын – бір тұлғаның еңбегін еске алу ғана емес, әдеби сынның өткені мен бүгінін сабақтастыра қарастыруға арналған маңызды рухани басқосу. Мұндай ғылыми-танымдық кездесулер әдеби мұраны жаңаша пайымдауға, көрнекті қаламгерлердің еңбегін кейінгі буынға танытуға және ұлттық әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін талқылауға жол ашады.

Сайлаубек Жұмабековтің 80 жылдығына арналған жиын оның шығармашылық мұрасына деген құрметті айқындап, қазақ әдеби сынының рухани және ғылыми маңызын тағы бір мәрте көрсетті.

Шоқан ШОРТАНБАЙ,
Адена НАРЗУЛЛА

Қазақ руханияты мен сөз өнеріне ерекше үлес қосқан, өзіндік мақамымен айтыс сахнасын дүбірлеткен, қаламынан құнды дүниелер туған белгілі ақын, сазгер, журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының, «Қазақ авторлары қоғамының» мүшесі, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, ұлағатты ұстаз Бекжан Әшірбаевтың пәниден көшкеніне де үш айдың жүзі болыпты. Түркістан облысының Мақтаарал топырағында туып-өскен бозбала Бекжан Алматыға келіп, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетіне оқуға түсті. Оқу орнын үздік аяқтап, ғұмырының соңына дейін қара шаңырақта көптеген жас буынды үлкен өмірге дайындап, қанат қақтырды. Оқытушылықпен қатар, қоғамға пайдасы тиер орасан істер атқарды.

Берен сөзді Бекжан



«Айтыс – менің алғашқы махаббатым» деген Бекжан айтыс өнеріне 1989 жылы келді. Республикалық ақындар айтысында байыпты ойымен, парасатты пайымымен, ұтқыр сөзімен халық ықыласына бөленді. Белгілі айтыскер-ақындар Қуаныш Мақсұт, Мұхаметжан Тазабеков, Дәулеткерей Кәпұлымен мірдің оғындай өткір сөзбен атысқан айтысы барша көпшіліктің есінде. Университет қабырғасында жүріп Балғынбек Имаш, Бауыржан Қалиолла, Серікзат Дүйсенғазиндермен додаға түскен.

Бекжан Әшірбаев баспасөз саласына, қазақ журналистикасына да елеулі еңбек сіңірді. Әр жылдары «Qazaq universiteti», «Ел мен жер», «Заң газеті» газеттерінің бас редакторы, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының бірінші орынбасары, Республикалық «Azamat kz» қоғамдық-саяси апталығы бас редакторының бірінші орынбасары, «Жас қазақ үні» газеті бас редакторының орынбасары сынды жауапты қызметтерді абыроймен атқарды. 2008 жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша «Жазушы» баспасынан «Қоңыр әуен» жыр жинағы шықты. Оның сазгерлігі өз алдына. Әнші, ҚР еңбек сіңірген әртісі Саят Медеуовтің орындауындағы «Мақтааралым – мақпал әнім» әні композиторлық қырын аша түскен шығармасы еді, халық арасында өте кең тараған, белгілі әнші Тоқтар Серіковтің орындауында танылған «Көршінің қызы» әнінің авторы да Бекжан Әшірбаев болатын.

Жастайынан айтыс өнеріне келіп, әуезді әнін сыйлап, салмақты жырын төккен Бекжан ақын «Ақын тағдыры» атты белгілі өлеңінде:

Тотыдай тілді киіндіріпті ой,
Танытар нәтін найқара нарлар,
Ақын жағдайы қиын трюк қой,
Үй жағдайында
қайталамаңдар! –

деп, нағыз өнер мен ақындық жолдың ауырлығын әзілмен, астарлы оймен жеткізгісі келген. Сөз өнерінің жауапкершілігін, ақын тағдырының қиындығын көрсеткен және ақындықты ермек көретіндерге ескерту ретінде берген. Ал «Айбергенов атындағы сағыныш» туындысы Бекжанның ішкі жан дүниесінің айнасы, шығармашылық кредосы.

Достары, ақын інілері Бекжанның өнеріне үлкен баға берді. Өнердегі жолдастары сегіз қырлы, бір сырлы екенін айтады. Қаламдас бауырлары, зиялы қауым өкілдері мен шәкірттері оның журналистика мен әдебиеттегі турашылдығын, ұстаздық жолындағы қамқорлығын ерекше атайды. Достары мысқыл мен сарказмды орынды қолдана отырып, айналасына жылулық сыйлап жүретін, мінезі бекзат бөлек жан ретінде сипаттайды. Азаматтық болмысы мен адалдығын жоғары бағалайды.

Бекжан Әшірбаев көзі тірісінде берген сұхбаттарында сөз өнерінің жауапкершілігі мен ұлт болашағы туралы ой қозғап кеткен еді. «Біз сөзден қорықпайтын болдық» атты сұхбатында («Дала мен қала» газеті) қоғамдағы жеңіл сөз бен арзан ақпараттың көбеюіне алаңдаушылық білдірсе, «Тарихтың бетін жаба салу оңай, қайта ашу қиын» («Айқын» газеті) деген тұжырымы арқылы өткенге құрметпен қарау керектігін баса айтқан. Осындай азаматтық ұстанымының биік екенін көрсететін тақырыптағы сұхбаттарынан өресі кең, санасының әлдеқайда ояу екені аңғарылады. Ақын сондай-ақ қазіргі ақпараттық тасқын мен әлеуметтік желі заманында жастардың кітап оқудан алыстап бара жатқанын, бірақ рухани құндылықтардың ешқашан ескірмейтінін жиі тілге тиек еткен.

Орасан қадір мен құрметке лайық болған жанның арамыздан өзі кетсе де, артында жылдар бойы халыққа қызмет ететін туындылары, өшпес жырлары, ел жүрегінен орын алған әндері мен журналистика саласында тәрбиелеген жүздеген шәкірті, көркем бейнесі қалды... «Кеудемді кеміріп ой жейді, Уақыттың ұраны: «Тез, үлгер!» деп өзі жырлағандай, Бекжан Төребекұлы қамшының сабындай қысқа ғұмырында көп іс тындырып үлгерді. Өнердегі, баспасөздегі сара жолы, үлгілі өмір жолы ешқашан ұмытылмақ емес.

Алмагүл БАЛХАШЕВА,
Әл-Фараби кітапханасының кітапханашы-менеджері

КазНУ объединяет научное сообщество ЦА

Недавно в КазНУ имени аль-Фараби состоялся Международный форум «Цифровая трансформация науки и образования в странах Центральной Азии: язык, инновации, культура», объединивший ученых, преподавателей и экспертов Казахстана, России, Кыргызстана, Таджикистана и Узбекистана.





Одним из ключевых организаторов форума выступил Центр «Русский язык и культура» филологического факультета КазНУ имени аль-Фараби. Мероприятие проведено при поддержке филологического факультета университета и Фонда «Русский мир».

Тематика форума соотносится с Целью устойчивого развития ООН № 4 «Качественное образование», предусматривающей обеспечение доступного и качественного образования, развитие цифровых компетенций и расширение возможностей обучения на протяжении всей жизни. В условиях стремительного внедрения искусственного интеллекта особую значимость приобретают международное научное сотрудничество, сохранение языкового и культурного многообразия, внедрение инновационных образовательных практик, продвижение принципов устойчивого развития в рамках глобальной образовательной повестки.

На открытии форума член Правления - проректор по научно-инновационной деятельности КазНУ Маргулан Ибраимов отметил влияние искусственного интеллекта на развитие современной науки и образования. Декан филологического факультета, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК Баян Джолдасбекова подчеркнула важность интеграции цифровых технологий в филологическое и педагогическое образование, расширения международного исследовательского сотрудничества.

В ходе пленарного заседания и панельной дискуссии обсуждались перспективы цифровой трансформации науки и образования, применение искусственного интеллекта в исследованиях, развитие цифровой гуманитаристики, языкового образования и сохранение культурной идентичности.

С докладами выступили представители международного академического сообщества: вице-президент Академии образования, академик Ирина Каримова (Таджикистан), профессор Университета Ренессанс Шохиста Султонова (Узбекистан), профессор МГУ имени М.В.Ломоносова Артем Кротов (Россия), профессор, директор Института русского языка Кыргызско-Российского Славянского университета Мамед Тагаев (Кыргызстан), доктор PhD Мария Абишева (Казахстан) и другие ученые.

Особое место в программе заняла международная экспертная сессия «Центры русского языка и культуры: опыт, инновации и перспективы международного сотрудничества», объединившая представителей международных гуманитарных организаций, руководителей Русских центров и ученых.

В ее работе приняли участие представители Фонда «Русский мир» Виктор Буянов и Сергей Улитин (Россия), проректор Бишкекского государственного университета имени академика К.Карасаева Гульнара Мурзахметова (Кыргызстан), руководитель Русского центра Таджикского национального университета профессор Мехриниссо Нагзибекова и руководитель Русского центра Российско-Таджикского (Славянского) университета доцент Азиз Салоев (Таджикистан). Модератором выступила профессор-исследователь С. Бегалиева.

Участники экспертной сессии обсудили роль университетских центров языка и культуры в развитии межкультурного диалога, академической мобильности, цифровых образовательных технологий и совместных научных проектов. Особое внимание было уделено укреплению международных партнерских связей и расширению гуманитарного сотрудничества.

Значительный вклад в организацию и успешное проведение форума внесли докторанты, которые активно участвовали в подготовке программных, информационных и раздаточных материалов, обеспечивали организационно-техническое сопровождение заседаний, координацию работы участников и проведение мероприятий форума. Такая практика стала важным опытом профессионального становления молодых исследователей, развития их научных, организационных и коммуникативных компетенций.

Форум получил освещение в международном информационном пространстве. Материалы о его проведении опубликованы на официальных ресурсах КазНУ, Фонда «Русский мир» и университетов - участников мероприятия, что свидетельствует о востребованности международных научных инициатив университета. Проведение форума стало значимым событием в деятельности филологического факультета и Центра «Русский язык и культура», способствующим укреплению академических связей и развитию совместных научно-образовательных проектов.

КазНУ имени аль-Фараби вновь подтвердил свою роль ведущей международной академической площадки, объединяющей научное сообщество Центральной Азии и формирующей новые направления сотрудничества в эпоху цифровых преобразований.

Сауле БЕГАЛИЕВА,
доктор педагогических наук, профессор-исследователь, руководитель Центра «Русский язык и культура» филологического факультета

Сауле ИСАЛИЕВА,
докторант первого курса «ОП 8D01704 – Русский язык и литература» филологического факультета

Университет, с которого начинается путь

У каждого человека свой путь в профессию. Для многих он начинается с выбора университета, места, где предстоит не только получить знания, но и понять, какое направление действительно интересно и близко. Для тысяч молодых людей таким местом стал КазНУ имени аль-Фараби.

КазНУ имеет богатую историю и свои традиции. Однако университетская жизнь не остаётся в прошлом. Каждый год сюда приходят новые студенты со своими интересами, планами и мечтами. Они становятся частью большой университетской среды, где учатся, общаются, участвуют в исследованиях, пробуют себя в разных направлениях и постепенно определяют своё профессиональное будущее. Сегодня образование трудно представить только в рамках лекций и учебников. Студенту важно не просто запоминать информацию, а понимать её, применять на практике, задавать вопросы и самостоятельно искать решения. Поэтому в университетской жизни большое место занимают научная работа, лабораторные занятия, проекты, конференции и студенческие инициативы.

Для студентов естественно-научных специальностей такой подход особенно важен. Здесь теория постоянно соприкасается с практикой. Необходимо наблюдать, сравнивать, анализировать результаты эксперимента и делать обоснованные выводы. Нередко именно во время практической работы появляется интерес к определённой теме, который со временем перерастает в научное исследование. Важную роль в этом процессе играют преподаватели. За каждой лекцией и практическим занятием стоит не только содержание учебной программы, но и профессиональный опыт преподавателя. Иногда один совет помогает студенту по-новому взглянуть на знакомую тему, а поддержка первой научной идеи становится началом дальнейшего исследовательского пути. Неотъемлемая часть университетских лет студенческая жизнь. Новые знакомства,



совместные проекты, научные конференции, культурные и общественные мероприятия дают возможность раскрыть свои способности и приобрести опыт, который невозможно получить только из учебников. Именно в этот период молодые люди учатся работать вместе, брать на себя ответственность и проявлять инициативу.

Сегодня у молодёжи есть множество возможностей для развития. Но возможности требуют личного участия. Сам по себе диплом не определяет профессиональное будущее человека. Значение имеют знания, практический опыт, интерес к выбранной профессии и готовность постоянно учиться новому. Университетские годы проходят быстро, но именно они во многом закладывают основу дальнейшей жизни. Обычная лекция, первое исследование, участие в студенческом проекте или разговор с преподавателем со временем могут стать важной частью профессионального опыта. КазНУ развивается вместе со своими студентами и преподавателями. Здесь сохраняются проверенные временем традиции, одновременно появляются новые направления, современные подходы и возможности для молодых людей. Будущее университета прежде всего связано со студентами. Именно им предстоит продолжать научные традиции, развивать выбранные профессии и применять полученные знания уже за пределами университетской аудитории.

Поэтому КазНУ это не просто место, где получают образование. Для многих студентов он становится началом самостоятельной жизни, профессионального становления и осуществления первых серьёзных планов. Возможно, именно с университетских лет начинается их собственная история будущих достижений.

Молдир ТИЛЕШОВА,
Гульмира ЕЛТАЙ,
старшие преподаватели факультет биологии и биотехнологии



Профессор Сон Енг ХУН:

«Қазақтың көшпелі мәдениетіне қызықтым»

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Оңтүстік Кореяның Ханкук шетел тілдері университетінен келген Орталық Азия зерттеушісі, профессор Сон Енг Хун студенттер мен оқытушыларға арнап дәріс өткізді.

Профессор Сон Енг Хун – Қазақстан тарихы бойынша PhD докторы, Орталық Азия зерттеулері институтының директоры. Ол 20 жылдан астам уақыт бойы Ханкук университетінде кәріс азаматтарына қазақ тілін оқытып келеді. Сондай-ақ біршама қазақ тілі оқулықтары мен корей-қазақ тілі сөздіктерінің авторы.

Ғалымның бұл жолы келген жері өзіне бейтаныс емес. Бұдан 30 жыл бұрын, тәуелсіздігін жаңадан алған Қазақстанға кәріс елінен алғашқылардың бірі болып келіп, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінде (қазіргі ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті) қазақ тілін үйренген еді. Тілді меңгерген соң, қазақ тарихы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, диссертациясын да қорғап шықты.

Отанына оралған соң, 2004 жылы Ханкук шетел тілдері университетінде Орталық Азия зерттеулері институтын ашып, қазақ тілі бөліміне алғашқы 20 кәріс студентін қабылдады. Содан бері аталған бағыт бойынша ғылыми зерттеулерін де, ұстаздық қызметін де бір сәтке тоқтатпай, үздіксіз атқарып келеді. Бүгінде Ханкук университетінде қазақ тілін меңгерген студенттер алмасу бағдарламасы арқылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасына келіп, білімін одан әрі тереңдете түседі. Осылайша Кореяда басталған тіл үйрену үдерісі Қазақстанға келіп, шынайы тілдік ортада жалғасын табады. Профессордың айтуынша, нақты тілдік ортада тәжірибе жинақтау аудиторияда өткен жүз сағаттық дәрістен әлдеқайда артық нәтиже береді. Сондықтан ол өз шәкірттерінің жыл сайын Қазақстанға келіп, тілдік ортада шыңдалуын әрдайым басты мақсат етіп қойған.

Өз дәрісінде профессор Ханкук университетіндегі қазақ тілін оқыту әдістемесі, студенттердің тіл меңгерудегі артықшылығы мен кездесетін қиындығы, жарық көрген оқулықтары мен болашақ жоспарлары туралы кеңінен бөлісті. Тыңдармандардың «Неліктен қазақ тілін таңдадыңыз?» деген сауалына ғалым: «Менің түркі халықтарына деген ерекше қызығушылығым мен қазақ елінің бай көшпелі мәдениеті осы жолды таңдауыма басты себеп болды», – деп жауап берді.

Профессордың бұл қадамы – ұлтымыз бен мәдениетімізге деген үлкен құрметтің көрінісі. Алыс шетелде жүріп қазақ тарихы мен дәстүрін жастарға танытуды өмірлік миссиясына айналдырған ғалымның еңбегі мемлекеттік деңгейде де жоғары бағаланған. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Оңтүстік Кореяға жасаған ресми сапарында екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға қосқан зор үлесі үшін Сон Енг Хун мырзаны II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттаған болатын.

Өз кезегінде қара шаңырақ ҚазҰУ ұжымы да профессордың еңбегін елеп, оған «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың құрметті профессоры» атағын салтанатты түрде табыс етті.

Кездесу соңында Сон Енг Хун мырза 30 жыл бұрын өзіне дәріс берген ұстаздары, әріптестерімен қауышып, естелік суретке түсті.

Профессор Сон Енг Хунның өмір жолы мен адал еңбегі бүгінгі жастар үшін шынайы үлгі-өнеге. Өз алдына айқын мақсат қойып, меңгерген білім мен еңбектің жемісі осындай болса керек. Бүгінде ғалымның қолынан білім алған шәкірттері екі мемлекеттің достық қарым-қатынасы мен халықаралық байланысын дамыту жолында жемісті еңбек етіп жүр.

Гүлбағима МҰСАЕВА,
Райхан ДҮЙСЕНБАЕВА,
Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының оқытушылары

Өсімдіктер биотехнологиясы бойынша

ғылыми мектеп қалыптастырды

Бүгінде биотехнология мемлекеттің ғылыми технологиялық дамуын айқындайтын стратегиялық салалардың біріне айналды. Отандық биотехнологияны дамыту, оларды өндірісте қолдану және шетелдік технологияларға тәуелділікті азайту Қазақстанның технологиялық егемендігін нығайтудың маңызды алғышарты екені анық. Бұл үдеріс ең алдымен университет қабырғасынан, яғни болашақ биотехнолог мамандарын даярлаудан басталады. Себебі технологиялық дербестікке қол жеткізу үшін тек заманауи зертханалар мен құрал-жабдықтар ғана емес, жаңа ғылыми идеяларды жүзеге асыра алатын жоғары білікті мамандар қажет. Осы бағытта Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биотехнология саласындағы білім беру мен ғылыми зерттеулерді дамытуға үлес қосып келеді.



Университеттің ғылыми жоғары мектебінің қалыптасуында академик Ізбасар Рахымбаевтың еңбегі ерекше орын алады. Оның ғылыми мұрасы өсімдіктер биотехнологиясының дамуына және осы саладағы зерттеулердің жалғасуына негіз болды.

Академик Ізбасар Рахымбаев – ғылым мен білімнің дамуына үлкен үлес қосқан Қазақстандағы өсімдіктер биотехнологиясының негізін қалаушы. Ізбасар Рахымбайұлы ұзақ жылдар бойы ҚазМУ-дың Өсімдіктер физиологиясы мен биохимиясы кафедрасын (қазіргі Биотехнология кафедрасы) басқарды. ҚР БҒМ Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институтының ұйымдастырушысы әрі алғашқы директоры болған. Қазіргі уақытта осы институттың бас ғылыми қызметкері болып жұмыс істейді. Ғылыми қызметінің негізгі бағыттары: клеткалық физиология, өсімдіктерді генетикалық жақсарту биотехнологиялары. Ғалым және оның шәкірттері өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін клондаудың жоғары тиімді биотехнологияларын, гаплоидты организмдер алу, клеткалық селекция, клеткалық инженерия, аса төмен температураларда өсімдіктер генофондын сақтау әдістерін әзірледі. Оның теориялық және қолданбалы талдауларының практикалық іске асуы ретінде биотехнология әдістерімен бидай мен күріштің жаңа жоғары өнімді сұрыптарын жасағанын айту орынды.

Ізбасар Рахымбайұлы өсімдіктер биотехнологиясы бойынша ғылыми мектеп қалыптастырды. Көрнекті ғалым 7 доктор мен 30 ғылым кандидатын дайындады. Олар Қазақстанның және шетелдердің (Үндістан, Израиль, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан) ҒЗИ мен ЖОО-ларында еңбек етуде. Шәкірттерімен бірлесе отырып 400-ден астам ғылыми мақала, 8 ғылыми монография, 9 оқу құралы, 21 оқу және оқу-әдістемелік құралын басып шығарды; бидайдың 4, күріштің 2 іріктемесі жасалды. 1981 жылдан 1989 жылға дейін І. Рахымбаевтың басшылығымен ҚазМУ-дың Биотехнология, биохимия және өсімдіктер физиологиясы кафедрасында биотехнологиялық зерттеулер белсенді дамыды. Сонымен қатар Одақта алғаш рет «Клеткалар культурасы және өсімдіктер биотехнологиясы» арнайы курсын оқыту әдістемесі әзірленіп, оны оқыту 1982 жылдан басталды; «Биотехнология растений», «Өсімдіктер биотехнологиясы» (Г.Валиханова, 1996-2009; И.Рахимбаевтың ред.) оқулықтары жарық көрді. Олар осы күнге дейін сұранысқа ие болып, 2018 және 2019 жылдары қайта басылып шықты. І.Рахымбаевтың басшылығымен кафедрада 11 кандидаттық диссертация қорғалды.

Қалыптасқан ғылыми ортамен және өсімдіктер биотехнологиясы бойынша кафедрада дайындалған мамандардың арқасында 2004 жылы Қазақстанда алғаш рет Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Биотехнология» мамандығын ашуға мүмкіндік туды. Содан бері жыл сайын кафедрада жас мамандар биотехнологтар білім алып, ұядан ұшуда.

Ізбасар Рахымбаев қайда еңбек етсе де, университет кафедрасында болсын, ҒЗИ-да болсын, іргелі ғылым тек жаңа қолданбалы білімдер мен «шынайы» инновациялардың бастауы бола алатынын терең түсіне отырып, іргелі зерттеулерді дамытуға басты назар аударады. Оның басшы ретіндегі жұмыс стилінің тағы бір маңызды ерекшелігі – ол өте зиялы адам, ұжымда академизм, жоғары ғылыми рух пен этика, қарым-қатынас мәдениеті атмосферасын құрады, сондай-ақ шығармашылық ізденіске емін-еркін бостандық береді. Жасына қарамастан, әріптестеріне, әсіресе өзінің шәкірттеріне өте құрметпен, мейіріммен қарайды. Осының бәрі, әрине, айналасын шабыттандырмай қоймайды және аспиранттар мен студенттерді белсенді оқуға әрі қажырлы еңбекке ынталандырады. Ұжымда әрдайым шығармашылық процеске ықпал ететін сабырлы әрі іскерлік жағдай сақталады. Ізбасар Рахымбайұлы кафедра докторанттары мен қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға үлкен көңіл бөлді: жас ғалымдарға арналған іс-шаралар жиі өтеді, онда ғалым арнайы шақырған жетекші ғалымдар бізге дәріс оқып, шеберлік сыныптарын өткізетін. Академик Ізбасар Рахымбаев Қазақстан мен ТМД биологтары арасында беделге ие. Оған еліміздің және көршілес республикалардың ғалымдары ынтымақтастық туралы ұсыныспен, көмек немесе консультация сұрап жиі жүгінеді. Әріптестері мен шәкірттері ғалымның жалпы өресі мен білімнің әртүрлі салаларындағы кең эрудициясын терең құрметтейді.

Қазақстанда өсімдіктер биотехнологиясының дамуына баға жетпес үлес қосқан дана, дара ұстаз әрі шынайы ғалым ретінде өзіңізге терең құрметімізді білдіреміз; ғылымдағы өте қызықты әрі болашағы зор бағытқа баулығаныңыз үшін; ойлануға және дамуға мәжбүр еткен «қиын» тапсырмаларыңыз үшін; бастамаларды қолдап, сенім артқаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Светлана ТҰРАШЕВА,
Гүлзира ЕРНАЗАРОВА,
Биотехнология кафедрасының профессорлары

Табиғатты аялаудың үлгісін көрсетті

Қазіргі әлемде университет тек білім ордасы ғана емес, қоғамға үлгі көрсететін жасыл кеңістік болуға тиіс. Осы ұстанымды басшылыққа алған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бастамасы аясында кампус аумағына 19 түп арша көшетін отырғызды. Игі істің бастамашылары – физика-техникалық факультетінің 1986 жылғы түлектері.



Бастама университеттің инфрақұрылымын дамыту, аумағын абаттандыру және қолайлы экологиялық орта қалыптастыру жөніндегі ректор Жансейіт Түймебаевтың тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылды. Бүгінде ҚазҰУ кампусын заманауи, жайлы әрі экологиялық тұрғыдан жауапты кеңістікке айналдыру – университет стратегиясының маңызды бағыттарының бірі.

Бұл шараның ерекшелігі – экология мен ғылымның табиғи тоғысуы. Арша отырғызуға академик Шәмші Сәрсембиновтың ғылыми мектебінен тәлім алған шәкірттер қатысты. Қырық жыл бұрын осы қабырғада физика ғылымының негізін меңгерген түлектер бүгін туған университетіне жасыл мұра қалдырып, ұрпақтар сабақтастығы мен азаматтық жауапкершіліктің жарқын үлгісін көрсетті.

Ғылыми көзқарас көшеттерді отырғызу тәсілінен де байқалды: аумақтың ерекшеліктері алдын ала зерделеніп, әр көшетке тиісті орын дайындалды. Ал факультет түлегі, еліміздің білім беру және ғылым саласының дамуына елеулі үлес қосып жүрген Ержан Сырғалиев аршаның жақсы өсіп-өнуін



қамтамасыз ету үшін температура мен ылғалдылық көрсеткіштерін бақылап, реттейтін арнайы құрылғылар орнату жоспарланып отырғанын атап өтті. Осылайша физиктердің білімі мен тәжірибесі табиғатты қорғаудың нақты құралына айналмақ.

Бастама мұнымен шектелмейді. Келер көктемде бұл аумақты абаттандыру және безендіру жұмыстары университеттің Smart Campus жобасы аясында жалғасын табады. Цифрлық технологиялар мен жасыл инфрақұрылымды ұштастыратын бұл жоба ҚазҰУ-ды халықаралық деңгейдегі тұрақты кампустар қатарына жақындата түседі.

Атқарылған жұмыс БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарымен үндеседі: ТДМ-11 – тұрақты қалалар мен елді мекендер, ТДМ-13 – климаттың өзгеруіне қарсы күрес және ТДМ-15 – құрлық экожүйелерін сақтау. Әлемдік рейтингтерде жоғары орындарға ие ҚазҰУ үшін бұл бағыттар – бос ұран емес, күнделікті іс-әрекеттің бөлігі.

19 түп арша кішкентай ғана бастама сияқты көрінуі мүмкін. Алайда оның астарында үлкен мән бар: түлектердің туған факультетімен рухани байланысы, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және кейінгі ұрпаққа табиғатты аялаудың үлгісін көрсету. Ғылым мен экология бір арнада тоғысқан жерде болашақтың жасыл кампусы бой көтереді.

Нұрзада БЕЙСЕН,
физика-техникалық факультетінің деканы, ф.-м.ғ.к., профессор

Күлайхан ӘБДІР,
1-курс докторанты

Елордада ТМД елдерінің арасында өткен «Үздік студент» халықаралық жобасы қорытындыланып, еліміздің мақтанышына айналған дарынды жастарымыз жеңімпаз атанды. Халықаралық деңгейде білімі мен біліктілігін дәлелдеген студенттер «ТМД-ның үздік студенті» төсбелгісімен және I дәрежелі дипломдармен марапатталды.

ТМД-ның үздіктері



Бұл беделді халықаралық байқауда еліміздің бас университеті – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультетінің «Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер» мамандығы бойынша білім алып жатқан 4-курс студенттері топ жарды. Олар: Балауса Жұмахан, Сымбат Ғалым және Ақерке Жасұлан.

Бұл халықаралық марапат – студенттерге кездейсоқ келген табыс емес. ТТҚҚ мамандығының бітіруші курс студенттері төрт жыл бойы университет қабырғасында теориялық білімді терең меңгеріп қана қоймай, оны практикамен де берік ұштастыра білді. Олар осы жылдар ішінде түрлі республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға, сан қырлы сайыстарға, университет қабырғасында ұйымдастырылған көптеген конференцияларға белсене қатысып, бірнеше мәрте жүлдегер атанған болатын.

Әрине, білімді жастардың бұл биікті бағындыруында университет оқытушыларының еңбегі орасан зор. Атап айтқанда студенттерге теориялық тұрғыда терең әрі іргелі білім берген Асима Ғалымжанқызы мен Гаухар Қуатқызы сияқты білікті ұстаздардың, сондай-ақ заманауи Геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) технологияларын меңгертіп, оны практикада қолдануға баулыған Құдайберген Қырғызбай, Жасұлан Такибаев және Жандос Мұқалиев сияқты оқытушылардың қосқан үлесі ерекше. Білікті тәлімгерлердің арқасында білім алушылар өз мамандықтары бойынша бәсекеге қабілетті, жан-жақты маман ретінде қалыптасты.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев әрқашан жаңа Қазақстанды құру жолында білімді, озық ойлы, жаңашыл жастар – еліміздің басты тірегі екенін ерекше атап өтеді. Расында да, БҰҰ-ның Тұрақты даму



мақсаттары аясындағы «Сапалы білім» мен қауіпсіздік бағыттарын терең меңгерген бұл жастардың жетістігі – осы сөздің айқын дәлелі. Табиғи апаттардың, техногендік қауіп-қатерлердің алдын алу, халық пен аумақтарды қорғау сияқты аса жауапты салада білім алып жатқан жас мамандар өздерінің жоғары дайындығын халықаралық аренада да дәлелдей алды. Олардың бұған дейінгі республикалық жарыстарда жинақтаған бай тәжірибесі мен ізденімпаздығы ТМД көлеміндегі беделді жобада үздіктер қатарынан көрінуге берік негіз болды.

«ТМД-ның үздік студенті» жобасы жастардың бойындағы отаншылдық сезімді арттырып, жаңа асуларды бағындыруға жігерлендіреді. ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультеті түлектерінің бұл жетістігі – отандық білім беру жүйесінің сапасы мен еліміздегі болашақ қауіпсіздік мамандарының бәсекеге қабілеттілігінің жарқын айғағы.

Алда дипломдық қорғау мен үлкен өмірге жолдама алғалы тұрған Балауса Жұмахан, Сымбат Ғалым мен Ақерке Жасұланның бағындырар биігі әлі де көп боларына кәміл сенеміз.

Ақтоты БЕКЖАНОВА,
Картография және геоинформатика кафедрасының оқытушысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры міндетін атқарушы **Бақтияр РЫМЖАНОВ**

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.
Газетке жазылу индексі: 64787
Таралымы – 2000
Тапсырыс №2673

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.